

Ақмолада жасақталған атты әскер дивизиясы

Ақмола қаласында 1942 жылдың көктемінде жасақталған 106 – шы атты әскер дивизиясы жөніндегі деректерді Ресей Федерациясы қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатынан табу тым қиынға түседі. Өйткені, аталған дивизия соғыстың алғашқы жылдарындағы ұрыстардың бірінде неміс басқыншыларының қоршауына түсіп, ондағы құжаттарды қарсыластар иемденіп кеткен. Мұнда атты әскер дивизиясы туралы жарты бетке жетер – жетпес ақпараттан басқа ештеңе кездеспеуі, міне, сондықтан.

Ал атты әскер дивизиясы құрамдарына алынған жауынгерлер мен командирлер тағдырының беймәлім болу сырын да осыдан іздеген жөн сияқты. Олар Харьков түбіндегі жан алысып, жан беріскен ұрыс қимылдарында ерлікпен шайқасып, мәңгілікке көз жұмды.

106 – шы атты әскер дивизиясы қатарында алынған ақмолалықтар тағдыры әлі күнге белгісіз болып отыр. Олар хабар – ошарсыз кеткендер қатарында саналады.

Ағымдағы жылдың наурыз айында 106 – шы атты дивизиясында өз борышын өтеген саяси жетекші Сағадат Құлмұхамбетовтың құжаттарын бізге оның немересі Қанат әкеліп, әлі күнге атасының қайда жерленгендігін біле алмай жүргендігін айтты. Өз кезегінде біздің көмек қолын созуымызды сұрады. Құжаттарда көрсетілгендей, Сағадат Меңдіқожаұлы Құлмағамбетов 1908 жылы Ақмола облысының Сталин ауданындағы Ерназар ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Оның әкесі ұста болған. Өзі еңбек жолын 14 жасында бастайды. Төрт жылдай әскер қатарында қызмет атқарады. БЛКЖО мүшелігіне қабылданады. 1929 жылы № 8 ауылға астық дайындау жөніндегі өкілетті өкіл болып тағайындалады. Ал бір жылдан кейін осы ауылдық Кеңестің хатшысы болып. 1931 жылдың 30 қазанынан 1932 жылдың 4 желтоқсанына дейін Ақмола аудандық әскери комиссариатында істейді. Осында жүріп ол өзін партия қатарына алу жөнінде әскери өтініш жазады. Құжаттардың бірі осы мазмұнда. Ал келесі құжатта оның 1935 жылдың 21 сәуірінде әскер қатарынан босап елге келгендігін, партиялық жұмысқа орналасқандығы айтылады. 1935 жылғы 27 желтоқсанынан 1936 жылдың 27 ақпанына дейін партиялық жұмыспен айналысатын нұсқаушыларды даярлау және қайта даярлау курсына оқиды. Оны бітіргеннен кейін Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қалалық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарады.

Сағадат Құлмұхамбетов құжаттарының арасынан оған «Браунинг» револьверін тағып жүруге және сақтауға берілген рұқсатнамасын да көруге болады. Ал 1938 жылғы мамырдың 13 – інде тапсырылған № 324 пәтер ордерінде оның 1916 жылы туған әйелі Шәріпжамал Темірболатқызымен бірге тұратындығы, отбасында 1935 жылы туған Кеңес, 11 айлық Мұратбек атты ұлдары бар екендігі, әкесі Меңдіқожа, анасы Айшамен бірге Ақмола қаласындағы Мирзоян көшесі, 92 – ші үйде тіркелгендігі айтылған. Олай болатын себебі, Сағадат Құлмағамбетов 1938 жылғы наурыздың 29 – ынан 1939 жылғы мамырдың 1 – іне дейін Ақмола облыстық партия комитетінде жұмыс істейді.

Кейін 1940 жылдың 24 – қаңтарында өткен облыстық партия конференциясында коммунистер оған сенім көрсетіп, облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына сайлайды.

Сағадат Құлмағамбетовтың бұдан кейінгі өмірі Ұлы Отан соғысының басталуымен тікелей қатысты болып келеді. Неміс – фашист басқыншылары Кеңестер Одағына соғыс ашқан тұста ол өз еркімен майданға сұранады.

Қанат Құлмағамбетовтың қалалық мұрағатқа ұсынған атасының соңғы хаты 1942 жылдың 11 мамырында жазылған екен. Ондағы мекен – жайда былай деп көрсетілген: Ұрыс армиясы, далалық пошта, 816 – станса, саяси бөлім. Жоғарыда айтқанымыздай, атты әскер дивизиясы құрамына алынғандардан мұндай хаттар тым сирек ұшырасады. Өйткені, олардың көбісі соғыстың алғашқы жылдарында Отан үшін құрбан болды, бірқатары хабар – ошарсыз кетті. Солардың бірі – біз әңгімелеп отырған саяси жетекші Сағадат Құлмұхамбетов.

Ақмола қаласында 1942 жылдың көктемінде жасақталған атты әскер дивизиясы жайлы біздің қолымыздағы деректер некен – саяқ. Жалпы алғанда, дивизия жауынгерлері хабар – ошарсыз кеткендер, тағдырлары белгісіз жандар қатарына жатады. Ел азаттығы жолында шейіт болған ерлер есімі халық зердесінде әрдайым жаттала беретін болады.

Мирас Құсайынов,

Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының
жоғары санатты мұрағатшысы.